

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2005 жылғы 1 мамырға)**

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 73 филиалы мен 75 өкілдігі бар.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және “БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ” АҚ-ы.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 7 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «Казкоммерцбанк» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

**Қорлардың салымшылары (алушылары)
Вкладчики (получатели) фондов**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны ағымдағы жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 6 980 789 болды. Нөлдік қалдықтары бар шоттарды алып тастау қажеттілігіне байланысты міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны ағымдағы жылдың сәуірінде 199 964 (2,78%) төмендеуі болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны: “МЖЗҚ” ЖЗҚ – 32,25%, “Қазақстан Халық Банкі” – 18,46%, “ҰларҮміт” – 14,57%, “Валют-Транзит-қор”- 8,25% және “БТА Құрмет-Қазақстан” – 7,93% немесе бес қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 81,46 % келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың сәуір айында 323-ге ұлғайып, 2005 жылғы 1 мамырда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы теңгемен 0,4 млрд. теңгені құрап 30 861 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары “МЖЗҚ” ЖЗҚ АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 63,28%, “ҰларҮміт”- 19,42% және “Капитал” – 10,34% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 93,04% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” және Қазақстан халық банкі қорында болды. Салымшылардың жалпы саны – 3 054, салымшысының дербес зейнетақы шотында 8,4 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың сәуір айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшыларының шоттарының саны 61-ге ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.05.04	01.05.05	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша обязательным	6 416 674	6 980 789	564 115	8,79
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	28 567	30 861	2 294	8,03
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	523	3 054	2 531	5,8 есеге

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың ақпан айында 11 996 млн.теңгеге (1,95%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 530 508 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.05.02	207 732	74 643	56,09
01.05.03	297 036	89 304	42,99
01.05.04	397 607	100 571	33,86
01.05.05	530 508	132 901	33,43

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Сөйтіп 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 мамырмен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 0,43 проценттік тармаққа азайып 33,43% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 134 339 млн. теңге немесе 25,32%, "МЖЗҚ" – 111 563 млн. теңге немесе 21,03%, "ҰларҮміт" – 93 293 млн. теңге немесе 17,96% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 38 671 млн. теңге немесе 7,29% және "БТА Құрмет-Қазақстан" – 38 296 млн.теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,22%, осы 5 қор жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,82% келетіндігін атап өткен жөн.

2005 жылдың 1 мамырға жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық

сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың ақпан айында 2 106 млн. теңгеге (1,68% -ке) өсіп, 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 127 492 млн.теңге болды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


(млн. теңге)				
Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.05.2002	57 691	19 994	53,04	27,77
01.05.2003	82 699	25 008	43,35	27,84
01.05.2004	99 586	16 887	20,42	25,05
01.05.2005	127 492	27 906	28,02	24,03

Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Сөйтіп, 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсім қарқыны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 27 906 млн. теңгені құрады немесе 28,02%-ке өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 мамырдағы 25,05% кезде 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 24,03% болды немесе 1,02% проценттік тармаққа төмендеді. Есепті айда үлес 0,15 проценттік тармаққа төмендеді.

Ағымдағы жылдың ақпан айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 10 583 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 416 769 млн. теңге немесе өсім 2,61% болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңге)



2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 2 930 млн. теңге

болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 99 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе өсім 3,49% болды.

Зейнетақы төлемдері ағымдағы жылдың ақпан айында 797 млн.теңгеге (2,76%) өсіп, 2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 29 645 млн. теңге болды. Өткен есепті аймен салыстырғанда зейнетақы төлемдер 9 млн.теңгеге немесе 1,14%-ке өсті.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 мамырда жинақталған зейнетақы қаражаты 83 058 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 192 млн.теңгені құрады немесе өткен есепті аймен салыстырғанда 201 млн. теңгеге төмендеді. (14,43 есеге).

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 54,63%, «ҰларҮміт» - 11,98% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,48% немесе осы үш қордың аударымдардың жалпы сомасының 76,09% келеді.

Мынаны ескеру қажет, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,43%, "Д.А. Конаев атындағы" – 0,57%, "Отан" – 0,67% және "Қазақмыс" – 0,84%.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі 531 217 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың ақпан айында 11 692 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,25%-ке өсті.

2004 жылғы 1 мамырынан бастап 2005 жылғы 1 мамыр аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 11,14 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ООИУПА	Пенсионные активы	
	млн. тенге	в %
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	45 350	8,54
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ пенсионный фонд"	38 723	7,29

"Капитал" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	6 627	1,25
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	46 183	8,69
"Д.А. Қонаев атындағы ашық үлгідегі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 607	0,3
"Нефтегаз - ДЕМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	13 798	2,6
"СЕНІМ" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	22 909	4,31
"Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	7 869	1,48
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	9 823	1,85
"Отан" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 823	1,85
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	23 591	4,44
"Валют-Транзит Фонд" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	23 591	4,44
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	13 964	2,63
"Қазақмыс" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 964	2,63
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	95 399	17,96
"ҰларҮміт" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	95 399	17,96
"Нұр-Траст" ЗАБК" ЖАҚ	12 336	2,32
"Халық зейнетақы қоры" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	12 336	2,32
"МЖЗҚ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	111 638	21,02
"БТА Құрмет-Қазақстан" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	38 351	7,22
АО "Қазақстанның халық банкі Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	134 582	25,33
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	531 217	100

2005 жылғы 1 мамырда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 518 561 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы сәуір айында 1 999 млн. теңгеге ұлғайып, 0,39% -ке өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. теңге	жиынтығы %
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	241 621	46,59
ҚР еврооблигациялары	2 556	0,49
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	134 281	25,89

Ұлттық Банктің ноттары		
	104 621	20,18
Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	163	0,03
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	67 818	13,08
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 112	0,60
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	9 546	1,84
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	186 229	35,92
акциялар	33 800	6,52
облигациялар, оның ішінде	152 429	29,40
АҚШ долларына номинирленген	8 339	1,61
теңгеге номинирленген	144 090	27,79
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	10 110	1,95
акциялар	7 749	1,49
облигациялар	2 361	0,46
Инвестициялық қорларының шетел пайлары	125	0,02
Жиынтығы:	518 561	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 241 621 млн. теңгені құрады немесе 46,59% болды. 2005 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда МБҚ көлемі 10 898 млн. теңгеге немесе 4,32%-ке азайды. 2005 жылы ақпан айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 7 390 млн. теңгеге немесе 4,13%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 5 126 млн. теңгеге немесе 8,18%-ке өсіп, 67 818 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,6% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы ақпан айында 0,45%-ке көбейіп, 9 546 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,95% болды.

2002 жылғы ақпан – 2005 жылғы ақпан аралығындағы қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы 2005 жылғы 1 мамырға мәліметтер

2002 жылғы ақпандағы – 2005 жылғы ақпандағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 23,72% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржы жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2005 жылы 1 мамырдағы жағдай бойынша 9 716,5 млн. теңге болып, соның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 149,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 63,3% болды.

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 435,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 14,8% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында барлық қорлар, “Капитал” қорын қоспағанда, жалпы сомасы 1 544,7 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”- 46,4% және “МЗЖҚ” –14,8% және “Құрмет-Қазақстан БТА” – 8,3% қорлары алды немесе осы үш қор барлық қорлардың жалпы кірісінің 69,5% болды.

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 318,2 млн. теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 3,3% болды.

2005 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 6 998,4 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 72,0% болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында қаржы инвестицияларының көлемі 3,4 млн.теңгеге немесе 0,05% төмендеді.

Қорлар меншік активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына (ҚРҰБ ноттары, Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары) - 2 778,7 млн. теңгеге (өткен есепті күнімен салыстырғанда 527,9 млн.теңгеге немесе 16,0% өсуі), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына (акциялар және облигациялар) - 2 406,1 млн. теңгеге (273,4 млн.теңгеге немесе 12,8% өсуі), “Кері РЕПО” операциясына – 346,0 млн. теңгеге (267,1 млн.теңгеге немесе 4,4 есе өсуі) екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 1 467,6 млн. теңге орналастырды (15,9 млн.теңгеге немесе 1,1% қысқартылуы). Қаржы инвестицияларының құрылымы мынадай: Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары – 39,7%, мемлекеттік емес бағалы қағаздары – 34,4%, екінші деңгейдегі банктердің салымдары – 21,0% және “Кері РЕПО” операциясы – 4,9%.